


Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы



**“Көкесем” туристік–экскурсиялық
соқпағының (маршрутының)
паспорты**



- 1) ЕҚТА атауы: *Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы*
- 2) Соқпақтың (маршруттың) атауы: **Көкесем**
- 3) Соқпақтың (маршруттың) жіктемесі:
 - а) бағыты бойынша: *туристік-экскурсиялық;*
 - ә) орналасу түрі бойынша: *аралас;*
 - б) қолданыс уақыты бойынша: *маусымдық;*
 - в) ұйымдастыру нысаны бойынша: *топтық;*
- 4) Көкесем құдығы, Көкесем қорымы, шатқалдар, арандар
- 5) Ұзақтығы 51 шақырым, аялдаманы ескере отырып, уақыт ұзақтығы 9 сағат
- 6) Соқпақтың (маршруттың) жұмыс істеу мерзімі: *наурыз-қазан*
- 7) Топтағы адамдардың ең көп саны: *60 адам*
- 8) Ішкі экскурсиялық маусымның түрлі кезеңі бойынша жол берілетін рекреациялық жүктемелер: *450 адам*
- 9) Қажетті киімдер мен құрал-жабдықтар: *ыдыс-аяқтар, арнайы ыңғайлы киімдер, арқандар, шатырлар, медициналық қобдишалар.*

10) Соқпақтағы тәртіптің ерекше ережелері

Қорық аумағына шыққанда төмендегі ережелер сақталуы керек:

- қорық аумағында тәртіп және тазалықты сақтау;
- арнайы белгіленген соқпақтар мен маршруттар бойынша жүру;
- жүріп келе жатқанда темекі шекпеу және қоқыстарды өртемеу;
- спирттік ішімдіктерді алып жүрмеу;
- шөптерді, гүлдерді, саңырауқұлақтарды жұлмау;
- аңдар мен жәндіктерді ауламау, індер мен ұяларды бұзбау;
- жарылғыш заттар мен қару-жарақтар алып жүрмеу;
- ит, мысық сияқты үй жануарларын өздерімен бірге ертпеу;
- жартастарға қолтаңбалар қалдырмау;
- радиоаппараттар мен магнитофондарды қоспау;
- спорттық және ойын-сауық шараларын өткізбеу;

11) Қауіпсіздік шаралары:

- өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау;
- жол үстінде темекі тартпау;
- тік жартастар мен шыңдарға жақындамау;
- адам өміріне қауіп төндіретін (ұлы) жәндіктерден сақтану;

12) Соқпақта (маршрутта) жүру жоспары

<i>Р/с</i>	<i>Бағыт атауы</i>	<i>Ауысым түрі</i>	<i>Ұзақтығы (шақырым)</i>	<i>Аялдама</i>	<i>Уақыты</i>
1.	Балуанияз-Бас Қараған	Автокөлік	25 шақырым	Бас Қараған үңгірі	2 сағат
2.	Бас Қараған-Көкесем	Автокөлік	20 шақырым	Көкесем құдығы	3 сағат
3.	Көкесем-Атжол	Жаяу	5 шақырым	Бақылау алаңы	1 сағат
4.	Көкесем-Көкесем қорымы	Жаяу	1 шақырым	Бақылау алаңы	1 сағат

13) Сокпақтың (маршруттың) схемасы

- *Жаңаөзен-Қызылсай-Сенек тас жолы 50 шақырым*
- *Сенектен Балуаниязға 120 шақырым*
- *Балуанияз-Бас Қараған 25 шақырым*
- *Бас Қараған-Көкесем 20 шақырым – автокөлікпен жүріледі.*
- *Көкесем құдығы-Көкесем қорымы 1 шақырым*
- *Көкесем құдығынан солтүстікке қарай шыңды жағалай 5 шақырым жаяу жүріледі.*

14) Сокпақтың (маршруттың) қысқаша сипаттамасы (сипаты).

- ***Жаңаөзен-Сенек** тас жолының бойының сол жағындағы Сүйіндік ата белгісі, Сенек ауылындағы тарихи орындар, шығыстағы Бесоқты құдығы мен қорымы, Тынымбай шоқы, таңбалы тас, шығыс бетте Байсары таулары, Тұщысай құдығы, Қарашық тауы мен қорымы, Балуанияз ата қорымы.*
- ***Балуаниядан** шығысқа қарай Сенек-Қоңырат жолымен 25 шақырым жүріп, Бас Қарағанға жетеміз. Төбенің етегінде Қараған жер асты үңгірі бар.*
- ***Көкесем** таулары шығыстан бастысқа қарай ойыстан қызғылт түсті тау шатқалдарынан тұрады, Көкесем құдығының оңтүстік батысында сор ішінде Қарамая тауы көрінеді.*

15) Сокпақ (маршрут) бойынша және қарау (шолу) алаңдарынан объектілердің қысқаша сипаттамасы

- *Көкесем құдығынан солтүстік батыс бетке шыңды жағалай жүргенде 5 шақырым жерде №1 бақылау алаңы орналасқан. Шығыс беті – жазық дала, батысы – тік құлама жарлар. Бақылау алаңы (суретке түсіру алаңы) шың жиегінен 25-30 метр кейінде. Алаңның аумағы 30х15 метр.*
- *Көкесем құдығынан оңтүстік шығысқа қарай 1 шақырым жерде №2 бақылау алаңы орналасқан. Биіктігі 5-6 метр, аумағы 700 метрдей төбе басында Көкесем қорымы орналасқан. Бақылау алаңы осы қорымның батыс беткейінде.*

16) Сокпақтың (маршруттың) күрделі учаскелерінің қысқаша сипаттамасы.

- *№1 бақылау алаңы барар жолда су кескен жарлауыттар, кебіртең төбе беткейлері кездеседі. Сусыма қиыршықтар аяқты тайдырып, жарақат алу мүмкіндігі бар.*
- *№2 бақылау алаңы аумағында күрделі учаскелер жоқ.*

17) Мүмкін апаттық құбылыстар мен олар байқалған кездегі топтың іс-қимылы.

- *Табиғи апаттық құбылыстардан жел және жаңбыр (нөсер) қауіпті. Шың жиегінде күшті жел құлама құзға тартып кетуі мүмкін. Жаңбыр – кебіртең топырақты тайғақ сазға айналдарып, жарға құлап кету қаупін туғызады. Апат қаупінің алдын-алу үшін шың жиегіне жақындамау (5 метрге дейін) керек. Табиғи құбылыстарды суретке, бейнетаспаға түсіру сияқты қажетті жұмыстар кезінде арқандарды пайдалану керек.*

18) Жолдамаға ақпараттық парақшаның мәтіні үшін ұсынымдар

- *Рюкзак, ыңғайлы спорттық киімдер, етік немесе кроссовка, су ыдыстары, фото-бейне аппараттардың бауы болуы.*

19) Соқпақты (маршрутты) абаттандыру

- *Марқалау: құндықтың атауы, бағыты көрсететін белгілер, бақылау алаңдарының нөмірлері, тұрақтар, паналау орындарының белгілері, соқпақты (маршрутты) абаттандыру*

20) Мемлекеттік табиғи қорықтың ғылыми-техникалық кеңесінің шешімі:

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының №5 Ғылыми техникалық кеңесінің (18.07.2007 ж.) қаулысы:

1. **Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының “Көкесем” және “Өнере” туристік экскурсиялық соқпақтарының паспорттарының жобасы мақұлдандын.**
2. **Аталған соқпақтардың паспорты Орман және аңшылық шаруашылығы комитетіне бекітуге жіберілсін.**

Соқпақтағы әзірлеуге және рәсімдеуге жауапты адам туризм және экологиялық ағарту бөлімінің бастығы: Қ. Жарылғасова

21) Паспорт 2007 жылы 2 данадан жасалды.

Үстірт мемлекеттік табиғи қорығының директоры

Ш.Ө. Үркімбаев